



«БЕКІТЕМІН»

№32 «Қуаныш» балабақшасының
менгерушісі Декерова Р.А.

қыркүйек 2026 ж.

**№32 «Қуаныш» балабақшасының ата-аналармен жүргізілетін
жұмыстардың жылдық жұмыс жоспары**

2026-2027 оқу жылы

№	Өткізілетін іс-шаралар мен жұмыс түрлері	Өткізу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	I Жалпы ата-аналар жиналысы: «Ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет: жаңа оқу жылының мақсаттары»	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
2	Тәжірибелік алаңқай «Балабақшаға алғашқы кадам: бейімделу құпиялары»	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері, психолог
3	Шығармашылық көрме «Күзгі қиял мен ғажайыптар»	Қазан	Тәрбиешілер, ата-аналар
4	Салауаттылық сағаты «Дені сау бала – әр отбасының қуанышы»	Қараша	Балабақша мейірбикесі, тәрбиешілер
5	II Жалпы ата-аналар жиналысы: «Ұлттық құндылықтар – бала тәрбиесінің негізі»	Желтоқсан	Менгеруші, әдіскер, психолог
6	Ата-аналар шеберлік сыныбы «Жаңа жылдық сиқырлы шеберхана»	Желтоқсан	Ата-аналар комитеті, тәрбиешілер
7	Психологиялық тренинг «Баланың қыңырлығы мен еркелігін қалай түсінеміз?»	Қаңтар	Балабақша психологы
8	Спорттық жарыс «Әкем, шешем және мен – спорттық отбасы!»	Ақпан	Дене шынықтыру нұсқаушысы
9	Мерекелік концерт «Ана – өмірдің шуағы, әже – отбасының тірегі»	Наурыз	Музыка жетекшісі, тәрбиешілер
10	Семинар-практикум «Мектепке дайындық – болашаққа сенімді қадам»	Сәуір	Психолог, ересек топ тәрбиешілері
11	III Жалпы ата-аналар жиналысы: «Бір жылдық белес: жетістіктер мен қорытындылар»	Мамыр	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
12	Кері байланыс және марапаттау кеші «Балабақша және ата-ана: бірлескен еңбек жемісі»	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

№32 «Қуаныш» балабақшасының жалпы ата- аналар жиналысының

№1хаттамасы.

Күні: 11 қыркүйек 2026 жыл

Өткізілген орны: №32«Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: ата-аналар, топ тәрбиешілері, балабақша меңгерушісі, әдіскер, психолог, медбике

Күн тәртібі:

1. **«Ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет»**
Жаңа 2026-2027 оқу жылындағы тәрбие мен оқытудың мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. **Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері:** Балалардың қауіпсіздігі, келу және кету режимі, денсаулық сақтау мәселелері.
3. **Жас ерекшеліктері:** Балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері балабақша психологы Жолаушыбаева Л.А
4. **Топтың ата-аналар комитетінің құрамын сайлау**
- 5.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Аяпбергенова И.Х «Ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет: жаңа оқу жылының мақсаттары» тақырыбында баяндама жасады. Тәрбиеші баланың тұлға болып қалыптасуында балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы маңызды екенін атап өтті. Жаңа оқу жылында балалардың тілін дамыту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру басты мақсат екенін жеткізді.

2. Екінші мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері Боташова Ү.Ж балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін еске салды. Балаларды уақытында (сағат 08:30-дан кешіктірмей) әкелу, қауіпсіздік техникасын сақтау (балалардың жанында өткір заттардың, ұсақ ойыншықтардың болмауы), сондай-ақ бала ауырып қалған жағдайда уақытылы хабарлап, анықтамамен келу қажеттілігі туралы айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша психологы Жолаушыбаева Л.А балалардың осы жастағы даму ерекшеліктері мен бейімделу (адаптация) кезеңі туралы кеңес берді. Баланың дербестігін дамыту, үйдегі және балабақшадағы күн тәртібінің бірдей болуы бала жүйкесіне оң әсер ететінін түсіндірді.

4. Төртінші мәселе бойынша:

Жаңа оқу жылына топтың ата-аналар комитетін сайлау ұсынылды. Ата-аналардың дауыс беруімен ортақ шешім қабылданды.

- 1.Қалағанова Н. 4. Нажмадинова Н
- 2. Олжабай Қ 5. Таңсықбай А
- 3.Құттыбай Қ

Сөз сөйлеген ата-аналар:

Қалағанова Н: Балабақшадағы сабақтар мен үйірмелердің кестесі туралы сұрақ қойып, балалардың тәрбиесіне белсене араласуға дайын екенін білдірді.

Таңсықбай А: Тәртіп ережелерімен толық келісетінін және ата-аналар тарапынан қолдау болатынын айтты.

Жиналыстың қаулысы:

2. Жаңа 2026-2027 оқу жылына қойылған тәрбие-білім беру мақсаттары мақұлданын. Бала тәрбиесінде балабақша мен отбасы байланысы күшейтілсін.
3. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік талаптары барлық ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын.

4. 2026-2027 оқу жылына арналған топтың ата-аналар комитетінің құрамы төмендегідей бекітілсін:

- 1. Қалағанова Н. 4. Нажмадинова Н
- 2. Олжабай Қ 5. Таңсықбай А
- 3. Құттыбай Қ

○ **Жиналыс төрайымы:** *Н.А.* Қалағанова Н
Жиналыс хатшысы: *Н.А.* Нажмадинова Н